

Елбасымыз “Отбасында адам бойындагы асыл касиеттер жаркырай көрініп, калыптасады. Отанга деген ыстык сезім – жақындарына, туган-туыскандарына деген сүйіспеншіліктен басталады” деп қадап айтқан болатын. [buy cialis ebay](#) [cialis buy generic levitra](#) [generic cialis](#) [buy cialis brisbane](#) [cheap real cialis](#) [price of cialis](#) [argaiv1797](#)

Мемлекет басшысының бастамасымен бірнеше жыл қатарынан елімізде “Мерейлі отбасы” ұлттық байқауы өткізілуде. Бір қуантарлығы, оған қатысушылар саны жыл сайын арта түсуде. Ізгілік пен сыйластықты серік етіп, бір шанырақ астын-да берекелі өмір сүрудің маңыздылығын арттыру, отбасылық өмір салты, ата-ананың парызы сияқты маңызды ұғымдарды ел санасына сіңіруді мақсат еткен байқаудың көтеріп тұрған жүгі ауыр. Аз ғана уақыттың ішінде елдің ризашылығына бөленіп, көптің көңілінен шыққан байқау, әсіресе, жастар үшін үлкен онеге.

Есіл ауданындағы Қорғанбай әулеті ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған “Мерейлі отбасы” байқауының бірінші кезеңінде топ жарып, жеңіске жетті. Онегелі отбасының екінші кезеңде де асығы алшысынан түсті, олар “Онерлі отбасы” аталымы бойынша сертификат пен арнайы марапатқа ие болды.

Отасы Жұмабек Қорғанбай аудандық ауруханада “Жедел жәрдем” колігінің жүргізушісі болып жұмыс істейді. Оның жан жары Бұхарқұл Сисенбайқызы – алты қызға өмір сыйлаған “Құмис алқа” алқасының иегері. Бала тәрбиесін ұястарынан шығармаған ардақты ата-ана – ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттап, ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосып, еселі еңбегімен онеге танытып жүрген жандар.

– Ең бастысы, тәлім-тәрбиеге көп көңіл болу керек. “Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір”, – дейді дана халқымыз. Олай болса, оскелен ұрпақ өз қабілетіне, біліміне сай қоғамымыздың бір кірпіші болып қалануы тиіс. Білімді, білікті, заман талабына сай

жастарымызды колдап, оларға жақсы еңбегімізбен үлгі бола алсақ, кvба-кvп, – дейді отағасы. Аудандағы когамдық және мәдени жұмыстарға белсене қатысатын Жvмабек Қызтуғанvлы жұмыстан бос уақытында домбыра, гитара тартып, сурет салумен де айналысады.

Алтын мінезді, копбалалы ана – Бvхаркvл Сисенбайқызы Аяган Шәжімбаев атындағы №3 Явленка орта мектебінің қызметкері. Бар байлығын, бақытын балаларына тенеген ол – он саусағынан онер тамған ісмер. Қыздарын еркелетсе де, еркіне жібермеген асыл ана оларды иманды, инабатты болып өсіруде. Отбасының тvнгышы, ата-анасының қоз қуанышы Перизат психолог мамандығын игерген. Бvгінгі таңда ол Ақмола облысындағы Астраханка ауылында тұрады. Алматы қаласында тұратын қыздары Аяжан менеджер болып істейді. Өсем vстаздық жолды тандаса, Гvлназ отағасынан үлгі алып, онер саласында бағын сынауды жон қорген. Онер колледжінің студенті – көптеген ән байқауларының жеңімпазы. Талапты бойжеткен фортепьянода және домбырада ойнайды. Үйдің кенжелері Светлана мен Әйгерім – 11 және 4-сынып оқушылары. Алды тұрмыс құрып, өз отбасының шырайын келтіріп отырған әпкелеріне қарап, ой да, бой да тvзеген сінлілері – анасының қуанышы, қолғанаты.

Алма ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ,

“Солтvстік Казакстан”.